

Казан жалпы негізгі білім беретін мектебінде 2 Ә сынып бойынша  
2023-2024 оқу жылында «Жол қауіпсіздігі ережелері»

атты өткізілген тәрбиелік іс-шаралар бойынша анықтама

Мектепте қауіпсіздікке байланысты бастауыш сынып оқушыларымен жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді: балалардың өмірін және денсаулығын сақтау, балалардың талаптарын қолдау, іс-қимыл және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

ЖЖЕ өткізу мақсаттары:

1. Балаларға жолда жүру ережесін түсіндіру.
2. Балалардың қауіпсіздігі және автобуста өз-өзін ұстауы.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін тәрбие жоспаында ЖЖЕ тақырыптары енгізіліп өткізіліп отырылды.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы сынып сағатын мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ-қолдың сынуы, ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірді.

Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге баулу мақсатында . «Жол жүру қауіпсіздігі – өміріміздің кепілі!» атты тақырыпта сайыс сабағын ұйымдастырылды, «Жол ережесін есте сақта» тақырыбында дебат өткізді. Ал . «Мектепке барар қауіпсіз жол!» тақырыбы бойынша түсіндіру сабағын жүргіздім.

«Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепіліі», «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік», «Жаяу жүргінші – назар аудар!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқилатын «Жолда жүру ережесі» мұқият тындап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті екенін оқушыларға түсіндірдім.

Анықтама жазған:  Мадреймова Р.Д.